



**«WEST DALA» ЖШС
КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ**

2022 жыл



ЕСЕП ТУРАЛЫ

Бұл «West Dala» ЖШС-нің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік туралы алғашқы есебі. Құжат 2022 жылы іске асырылған қайырымдылық, экологиялық жобалар және мемлекеттік органдармен және жергілікті қоғамдастықпен өзара іс-қимыл жобалары туралы ақпаратты қамтиды.



КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«West Dala» ЖШС өндіріс және тұтыну қалдықтарын кешенді басқаруды тәжірибеге енгізген Қазақстандағы алғашқы сервистік компания болып табылады. Компания 2005 жылы құрылды.

Қалдықтарды басқару жөніндегі кешенді және жекелеген қызметтер мұнай-газ саласындағы ұйымдарға, сауда және халыққа қызмет көрсету саласындағы кәсіпорындарға, медициналық ұйымдарға, сондай-ақ түрлі компанияларға ұсынылады. Компания өз клиенттеріне қалдықтарды басқарудың стандартты тәсілдерін ғана емес, сонымен қатар сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және қауіпсіздік саласындағы заңнаманың талаптарына толық сәйкес Тапсырыс берушінің нақты шарттары мен тілектеріне негізделген шешімдерді әзірлеуді ұсынады.

Қалдықтарды басқару саласындағы жетістіктері үшін компания 2013, 2015, 2017 жылдары Ұлттық сертификаттармен және «Сала көшбасшысы» медальдарымен марапатталды, ал 2019 жылы «Сапа жұлдызы» сыйлығын алды.

2014 жылы - компания «KazWaste» Қазақстандық қалдықтарды басқару қауымдастығына кірді.

2018 жылы - компания өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істейтін мамандандырылған кәсіпорындарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестік сертификатын алды.

2020 жылы - компания «KazService» Қазақстанның мұнай сервистік компаниялар одағына кірді.

2022 жыл - компания «Өнеркәсіптік қалдықтарды басқару жөніндегі көшбасшы» тәуелсіз қоғамдық марапатына ие болды. West Dala үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес қалдықтарды басқару мәселесінде барлық мүдделі тараптармен диалогқа дайын.



МИССИЯ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯ

Біз қалдықтарды басқару саласында халықаралық және отандық озық тәжірибені жан-жақты енгізу арқылы нарық сегментінде көшбасшы болып қалуға ұмтыламыз. Біз іскер әріптестермен, мемлекеттік

органдармен және қоғаммен тығыз ынтымақтастықта экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу арқылы экологияны сақтау мен жақсартуға өз үлесін қосуға дайын клиенттердің сенімді серіктестеріміз.



КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

West Dala өз қызметін орнықты дамудың жалпыға бірдей қабылданған қағидаттарына сәйкес жүзеге асырады, бұл компанияның кешенді экономикалық, әлеуметтік және экологиялық дамуына барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыруды көздейді.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің басым бағыты жетім балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау болып табылады. Жобаларды іске асыру кезінде нақты тұлғаларға атаулы көмекке басымдық береді. Сондай-ақ, компания қоршаған ортаны


қорғауға бағытталған жобаларға көп көңіл бөледі. Компания өз қызметі барысында негізгі стейкхолдерлер сияқты мемлекеттік органдармен және жергілікті қоғамдастықпен белсенді өзара іс-қимыл жасайды.

Орнықты даму саласында Компания мынадай қағидаттарды ұстанады





ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР



2022 жылы West Dala компаниясы Атырау, Атырау және Маңғыстау облыстарында жетім балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау мақсатында қайырымдылық қорларымен және жергілікті билік органдарымен ынтымақтастықта 20-дан астам қайырымдылық жобаларын іске асырды. Есепті жылы West Dala осындай жобаларға 17 млн теңгеден астам қаражат бөлді.

Кімге: Атырау тұрғыны Гүлназ Сарлыбайқызы мүгедек балаларды қолдау қоры арқылы
Көмек: мүгедектер арбасы
Жері: Атырау
Кезең: ақпан 2022

Церебральды сал ауруының ауыр диагнозына байланысты (спастикалық диплегия) 12 жастағы Гүлназ өздігінен тұрып, жүре алмайды. West Dala сұранысқа жауап беріп, Гүлназға мүгедектер арбасын сатып алды, соның арқасында ол ашық ауада жиі бола алады.



Кімге: 12 мүгедек балаларға
Көмек: ақшалай сертификаттар
Жері: Махамбет ауданы Алмалы ауылдық округі
Кезең: маусым 2022

West Dala компаниясы Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Атырау облысы Махамбет ауданы Алмалы ауылдық округінен 12 мүгедек балаға ақшалай сертификаттар табыс етті. Балалардың осы сертификаттарға сатып алатын сыйлықтары үлкен қуаныш пен күлкі әкеледі.



Кімге: 10 отбасыдан 31 балаға
Көмек: әрбір адамға 16 129 теңге мөлшерінде ақша қаражаты
Жері: Махамбет ауданы Алмалы ауылдық округі
Кезең: қыркүйек 2022

Қалыптасқан дәстүр бойынша, West Dala компаниясы жетім балалар мен көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан мектеп оқушыларына материалдық көмек көрсетті. Атырау қаласы Алмалы ауылдық округі әкімі аппаратының хаты негізінде 10 отбасының 31 баласына мектеп керек жарақтарын сатып алу үшін 16 129 теңге көлемінде ақшалай қаражат алды.



Кімге: Мүгедектігі бар 30 оқушыға
Көмек: "Балалар әлемі" дүкенінен сертификаттар және кеңсе тауарлары бар рюкзактар
Жері: Атырау қ.
Кезең: қыркүйек 2022

«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы аясында West Dala компаниясы мүмкіндігі шектеулі оқушыларға «Балалар әлемі» дүкенінен сертификаттар мен кеңсе тауарлары бар рюкзактар беру арқылы көмектесті.



Кімге: Атырау қаласында кәсіпкер және ерікті Светлана Лидің қайырымдылық Жаңа жылдық Шыршасында 160 мүмкіндігі шектеулі балаға
Көмек: жаңа жылдық сыйлықтар
Жері: Атырау қ.
Кезең: желтоқсан 2022

West Dala Атырау қаласында мүгедектігі бар балаларға 160 сыйлық сатып алды. Компания өкілдері Ляззат Мүсепова мен Жанболат Елубаев кәсіпкер және ерікті Светлана Ли ұйымдастырған қайырымдылық Жаңа жылдық Шыршасында тәтті сыйлықтар табыс етті. Ол өзінің бастамасымен ерекше балаларды қуанту және құттықтау үшін жаңа жылдық іс-шараны бесінші рет өткізіп жатыр. West Dala мерекені екінші жыл қатарынан қолдайды.



Кімге: Мүгедек балаларды қолдау қорына
Көмек: жаяу жүру имитаторын сатып алуға қаржылық көмек
Жері: Атырау
Кезең: сәуір 2022

Кімге: «Атамекен Эко» қоғамдық қорына
Көмек: ту жасауға демеушілік көмек
Жері: Атырау
Кезең: сәуір 2022

Кімге: Атырау ҚҚ
Көмек: 9 мамыр мерекесіне орай ардагерлерге арналған азық-түлік себеттерін сатып алуға қайырымдылық көмек
Жері: Атырау
Кезең: сәуір 2022

Кімге: Сарайшық ауылдық округі әкімі аппаратының хаты бойынша
Көмек: аз қамтылған отбасылар мен ардагерлерге газетке жазылу
Жері: Атырау
Кезең: сәуір 2022

Кімге: Мақат ауданы әкімінің орынбасарының хаты бойынша
Көмек: Мақат ауданы, С. Әлиев көшесіндегі 80/3 және 80/4 көпқабатты үйге құрылыс

материалдарын сатып алу
Жері: Мақат ауданы
Кезең: мамыр 2022

Кімге: Мүгедек балаларды қолдау қоры
Көмек: орта дәрежелі церебральды сал ауруы, спастикалық диплегия диагнозы бар Мұхаммедке арналған тірек-вертикализаторды сатып алу үшін
Жері: Атырау қаласы
Кезең: маусым 2022

Кімге: Атырау қаласы Алмалы ауылдық округі әкімі аппаратының хаты бойынша қарт адамдарға
Көмек: Алмалы ауылдық округінде, 1 қазанда, Халықаралық қарттар күніне орай іс-шара өткізу үшін көмек
Жері: Атырау қаласы, Алмалы ауылдық округі
Кезең: қыркүйек 2022

Кімге: Махамбет ауданы Бейбарыс ауылдық округі әкімі аппаратының хаты бойынша
Көмек: Бейбарыс ауылдық округінде, 1 қазанда, Халықаралық қарттар күніне орай іс-шара өткізу үшін көмек
Жері: Атырау қаласы, Алмалы ауылдық округі
Кезең: қыркүйек 2022

Кімге: Мақат ауданы әкімінің орынбасарының хаты бойынша

Көмек: Атырау облысында футболдың жоғары лигасына қатысу үшін Мақат ауданының футбол командасына футбол костюмдерін, жол шығындарын және басқа да футбол керек-жарақтарын сатып алу үшін

Жері: Мақат ауданы

Кезең: қыркүйек 2022

Кімге: Атырау қаласы білім бөлімінің №8 «Ақбота» бөбекжай-бақшасының хаты бойынша

Көмек: Аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға және туберкулезбен ауыратын балаларға 150 жаңа жылдық сыйлық

Жері: Атырау

Кезең: желтоқсан 2022

Кімге: Мақат ауданының Ардагерлер кеңесіне

Көмек: Мақат ауданының ардагерлеріне, мұқтаж, қарт адамдарға

Жері: Мақат ауданы

Кезең: желтоқсан 2022

Жыл бойы балаларға және аз қамтылған отбасыларға Береке ҚҚ, Еділ ҚҚ, БҚО Бәйтерек ауданының қоғамдық кеңесі арқылы қасиетті Рамазан, Мәуліт айларында Құрбан Айт мерекесіне қаржылық көмек көрсетілді.


Кімге: Махамбет ауданының 80 мүмкіндігі шектеулі баласына

Көмек: жаңа жылдық сыйлықтар

Жері: Махамбет ауданы

Кезең: желтоқсан 2022

West Dala компаниясының өкілдері - Айгүл Даниялова мен Жанболат Елубаев 80 мүгедек балаға фирмалық тәтті сыйлықтар табыс етті. Ертеңгілікте Махамбет ауданының әкімі Нұрлыбаев Қайрат Есқабылұлы және Махамбет ауданының мүгедектер қоғамының төрағасы Жолай Түгелбаев жаңа жылдық құттықтауларымен сөз сөйлеп, West Dala мен Қайрат Шаменұлы Салахаденовке қолдау көрсеткені үшін алғыс білдірді.



МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Кімге: «Ай-Шуақ» қоры арқылы есту қабілеті бұзылған, психикалық дамуы тежелген және сөйлеуі ауыр бұзылған балабақша тәрбиеленушілеріне

Көмек: балаларға арналған ойын жиназдарының жиынтығы

Жері: Ақтау қ.

Кезең: ақпан 2022

«Ай-Шуақ» қоғамдық қайырымдылық қорының өтінішіне жауап ретінде West Dala балалар ойын жиназдарының бірнеше жиынтығын сатып алды.



Кімге: мектептің екі түлегіне
Көмек: ноутбуктер
Жері: Түпқараған ауданы Баутино ауылы
Кезең: маусым 2022

Түпқараған ауданы Баутино ауылының М. Горький атындағы мектеп-лицейінің оқушылары Құдабай Гүлназ және Рахым Асемай оқудағы үздік жетістіктері үшін «Алтын белгі» белгілерін алды. Бітіру кеші кезінде West Dala жобасы менеджерінің м. м. Айсұлтанов Тарас және учаскенің супервайзері Шыңғыс Райымбек West Dala компаниясынан әр үздік оқушыға ноутбук табыс етті. Мұндай қолдау оларға әрі қарай оқу кезінде көмектесетініне және болашақта көптеген мүмкіндіктер ашатынына сенімдіміз.



Кімге: боксшы Нурбек Орысбайға
Көмек: кәсіби бокс кешіне қатысу
Жері: Ақтау қ.
Кезең: тамыз 2022

West Dala компаниясы Ақтаудағы ADAL Promotion промоутерлік компаниясы ұйымдастырған Кәсіби бокс кешінде жас әрі перспективалы боксшы Нурбек Орысбайдың демеушісі болды. Бірінші жартылай орта салмақта Нурбек Орысбай (1-0, 1 KO) мен Айдос Тастаев (2-4, 1 KO) арасындағы жекпе-жек төрт раундқа есептелді. Төрешілердің бірауыздан қабылдаған шешімімен қарсыласу Орысбайдың сөзсіз жеңісімен аяқталды. Осылайша, Нурбек Орысбай кәсіби мансабында екінші жеңіске жетті!



Кімге: «Ай – Шуақ» қоғамдық қайырымдылық қорының тізімі бойынша аз қамтылған отбасылардан шыққан он балаға
Көмек: қажетті оқу құралдары бар рюкзактар
Жері: Ақтау қ.
Кезең: қыркүйек 2022

Білім Күні қарсаңында West Dala компаниясы аз қамтылған отбасылардан шыққан он балаға көмек көрсетті. Әр бала қажетті оқу құралдарымен рюкзак алды. 1 қыркүйек қарсаңында мұндай қолдау West Dala компаниясы үшін жақсы дәстүрге айналууда.



Кімге: 40 мүгедек балаларға және ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға
Көмек: жаңа жылдық сыйлықтар
Жері: Түпқараған ауданы Баутино ауылы
Кезең: желтоқсан 2022

Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Баутино ауылының ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және мүгедек балаларға 40 фирмалық тәтті бокс берілді. Әкімдікке келген балаларға сыйлықтарды Баутино ауылының әкімі Жеткізгенов Еркебұлан Қуанышқалиұлы мен әріптесіміз, жоба жетекшісі Айсұлтанов Тарас табыс етті. Қалған балаларға West Dala компаниясының атынан жаңа жылдық көңіл-күй тілегімен бірге атаулы сыйлықтар табысталды.



Кімге: «Ай – Шуақ» қоғамдық қайырымдылық қорының тізімі бойынша мүмкіндігі шектеулі 80 жетім балаға

Көмек: жаңа жылдық сыйлықтар

Жері: Ақтау қ.

Кезең: желтоқсан 2022

«Ай-Шуақ» қоғамдық қайырымдылық қоры Маңғыстау облысының мүмкіндігі шектеулі жетім балаларға арналған Жаңа жылдық Шырша ұйымдастырды. West Dala 80 жаңа жылдық тәттілер пакетін сыйға тарту арқылы мерекені қолдады. Мерекеде Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлы, Маңғыстау облысының қоғамдық дамуына қосқан үлесі үшін West Dala компаниясына алғыс хат табыс етті.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

Экологиялық нормаларды сақтау және қоршаған ортаны қорғау - бұл біздің жұмысымыздың бір бөлігі ғана емес, сонымен бірге өмірге деген көзқарас. 2022 жылы West Dala қызметкерлері қатысатын аймақтардағы экологиялық акциялар мен сенбіліктерді белсенді қолдады.

Қыркүйек айында World Cleanup Day 2022 Бүкіләлемдік акциясының арқасында біздің планетамыз таза болды. West Dala компаниясының акцияға қосқан үлесі қамту географиясы мен қызметкерлер саны бойынша ауқымды болды: Атырау облысында, Теңізде, Прорвада, Алматы мен Ақтауда жүзден астам адам тазалауға шықты.



Маусым айында West Dala қызметкерлері ТШО бизнес-серіктестерімен және ТШО қызметкерлерінің өздерімен бірге Сарықамыс тас жолының бойында және бұрынғы солтүстік күзет бекетінің (COVID-19) аумағында тазалауға ерікті түрде қатысты. ҚТ бойынша кішігірім нұсқаудан кейін еріктілер жел шашқан қоқыстарды жинауға кірісті. Сенбілікке қатысқан 400 адам 2 сағат ішінде 80 гектарға жуық аумақты тазартып, 3 тоннадан астам қоқыс жинады! Атқарылған жұмыс үшін алғыс ретінде қатысушыларға ТШО-дан шағын естелік сыйлықтар табыс етілді. Осы іс-шараның нәтижелері ТШО мен бизнес-серіктестер қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын нақты түсіне отырып, табиғатты қорғайтынын көрсетті. Барлығының ортақ міндеттемесі бар – қалдықтарды дұрыс кәдеге жарату, Теңіз кен орнының аумағындағы қоршаған орта мен экологияның жай-күйін жақсарту.





МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚПЕН ЖҰМЫС

Мемлекеттік органдар, ҰЕҰ және жергілікті қауымдастықтардың өкілдері West Dala компаниясының негізгі стейкхолдерлері болып табылады. 2022 жылы олар үшін қоғамдық тыңдаулар және компания нысандарына үш сайт-сапар өткізілді.

Қыркүйек айында ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Қалдықтарды басқару жөніндегі мемлекеттік саясат департаментінің директоры Мансур Ошурбаев ҚБК-іне барды. Жұмыс сапары кезінде оны Бас директор Кайрат Салахаденов, сондай-ақ өндірістік блоктың қызметкерлері мен компанияның экологтары алып жүрді. Кешенді тексергеннен кейін қалдықтарды басқару бойынша нарықтың барлық қатысушыларын толғандыратын өзекті мәселелер: Экокодекстегі өзгерістер, НҚА, озонды бұзатын, құрылыс қалдықтарымен және батареялармен жұмыс белсенді талқыланды.

23 қазанда Маңғыстау облысының әкімі Нурлан Ногаев Түпқараған ауданына барып, «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В» компаниясының Баутино теңіз операцияларын қолдау базасының қызметімен танысты. Жұмыс сапары аясында облыс әкімі West Dala компаниясының «Қошанай» кешеніне барды. Сапар барысында Ногаев мырзаға Баутино базасын өндіру және тұтыну қалдықтарының әртүрлі түрлерін қабылдаумен, сұрыптаумен, өңдеумен, орналастырумен, залалсыздандырумен бірге жүретін процестер туралы айтылды. Сапар барысында «Қошанай» кешенінің одан әрі жұмысы туралы іскерлік әңгіме өтті.



Қараша айында Атырау облысы Мақат ауданының әкімшілік орталығында, Мақат кентінде - Атырау-Доссор тас жолының 38 шақырымында орналасқан West Dala ЖШС-нің «Қалдықтарды өңдеу және орналастыру кешенді полигоны» (ҚӨЖОКП) нысанының жобалық құжаттамасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтті.

Қоғамдық тыңдаулар жұртшылықты және барлық мүдделі тараптарды полигонның өндірістік қызметі және қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсер ету факторлары туралы хабардар ету мақсатында Экологиялық кодекстің және қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларының талаптарына сәйкес Мақат ауданы әкімінің орынбасары Б. О. Жайкиннің төрағалығымен өткізілді. Тыңдауларға Мақат ауданы әкімдігінің, ҰЕҰ өкілдері, жергілікті тұрғындар, оның ішінде қоғамдық ұйымдардың арасынан онлайн-қатысушылар қатысты.

«West Dala» ЖШС экологтары полигон аумағында орналасқан көздерден атмосфераға ластаушы заттар шығарындылары нормативтерінің жобасы, қалдықтармен жұмыс істеу, экологиялық мониторинг және бақылау бағдарламасы, сондай-ақ табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары бойынша презентация ұсынды.

Қараша айында Мақат ауданының тұрғындары мен мемлекеттік құрылымдардың өкілдері Қалдықтарды өңдеу және орналастыру кешенді полигонына (ҚӨЖОКП) барды. Сапар туралы келісімге 2022 жылдың қарашасында өткен қоғамдық тыңдауларда қол жеткізілді. West Dala өкілдері ҚӨЖОКП қызметі, сондай-ақ ағынды суларды және құрамында мұнай бар қалдықтарды қайта өңдеу технологиялары мен әдістері, атмосфералық ауа мен топырақтың экологиялық мониторингі туралы толық ақпарат берді.





ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Қызметкерлер West Dala компаниясының негізгі капиталы болып табылады. 2022 жылы кәсіпқойлық, іскерлік қасиеттер және қоғамдық еңбегі мемлекеттік наградалармен марапатталды. Компанияның ерекше мақтанышы - 2022 жылы ерекшеленген спорт белсенділері.



«Green Energy & Waste recycling Forum – 2022» аясында саланың үздік мамандарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Әріптесіміз Диас Хабиев, корпоративтік даму жөніндегі директор - «Экология саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. West Dala - да жұмыс істеген он жыл ішінде ол қоршаған ортаны қорғау саласындағы ірі жобаларды басқаруды жүзеге асырады, мұнай-газ саласындағы халықаралық компаниялардың өкілдерімен өзара іс-қимыл жасайды және қалдықтарды кешенді басқару мәселелері бойынша ірі өнеркәсіптік кәсіпорындармен ынтымақтастықты дамытады. Диас Хабиевтің басшылығымен Қазақстанның Экологиялық кодексіне West Dala-дан енгізу үшін ұсыныстар қалыптастырылды, өйткені жобалардағы экологиялық компонент әрқашан компания қызметіндегі басымдық болып табылады.



Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні қарсаңында Ақтаудағы форумда еліміздің үздік экологтарын марапаттау рәсімі өтті. «Экология саласының үздігі» төсбелгісімен West Dala компаниясының Бас экологы Айнагуль Наурызбаева марапатталды. Оның кандидатурасын қоршаған ортаны қорғау саласындағы белсенді және жемісті жұмысы, жоғары кәсіби қасиеттері және Қазақстан Республикасының табиғи байлығын сақтауға қосқан жеке үлесі үшін Атырау облысының экология департаменті ұсынған.



Жоғары мемлекеттік наградалармен - «Еңбек ардагері» медальдарымен West Dala ЖШС қызметкерлері: Кумисбеков Боранбай Батырғалиұлы - Қалдықтарды басқару кешені өндірісінің бастығы, Елубаев Қуанғали Сұлтанғалиұлы - Сыртқы келісулер бойынша жетекші маман және Хасанова Гульнар Кұмарқызы - Бас бухгалтер марапатталды. Еңбек ардагерлері West Dala компаниясының құрылуының басында тұрды. Олардың әрқайсысы 15 жылдан астам еңбек өмірбаянын Қазақстандағы қалдықтарды басқарудың қазіргі заманғы саласын өндіруге және дамытуға арнады. Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Калиева Нургуль өткізген марапаттау рәсімінде «Еңбек ардагері» медалімен марапатталғандар – «Еңбек адамының» маңыздылығы мен құндылығын өз үлгісімен көрсететін беделді адамдар екендігі атап өтілді. Марапаттау Қазақстан Республикасының күніне орайластырылды.





Қалдықтарды басқару саласының үздік 30 қазақстандық кәсіпқойларының жыл сайынғы тізіміне West Dala ЖШС бас технологы Татьяна Анатольевна Сергеева кірді. «KazWaste» Қазақстандық қалдықтарды басқару қауымдастығымен ынтымақтастық кезені барысында Татьяна Анатольевна қалдықтарды басқару саласының күрделі міндеттерін шешуге көмектесетін өзінің терең білімі мен тәжірибесімен бөліседі. Ол ҚР Экологиялық кодексіне ұсыныстар енгізу бойынша сарапшы ретінде қатысты, қазіргі уақытта ҚР ЕҚТ анықтамалығын әзірлеу бойынша «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ техникалық жұмыс тобының мүшесі болып табылады.

Өткен жылы West Dala ЖШС туы астында Атырау, Ақтау және Астанадағы спорттық іс-шараларда Гаухар Бекетаева өнер көрсетті. Мамыр айында Гаухар «ISKER» консорциумы» ЖШС ұйымдастырған дәстүрлі жарыста 25 минут ішінде 5 км қашықтықты жеңіп, «35 жасқа дейінгі әйелдер» санатында үздік атанды. Жазда ол эстафеталық команда құрамында BI GROUP Ironman 70.3 Astana жарысына қатысып, 2 сағат 6 минутта 21,1 км жүгіру бағдарламасын орындады. Тамыз айының соңында Атырауда Гаухар 10 шақырым қашықтыққа жүгіру бойынша марафонда 3-ші орынды иеленді, ал қыркүйекте Ақтау қаласында өткен темірадам әуесқойлары арасындағы триатлоннан Қазақстан кубогының финалдық кезеңінде эстафеталық командаға қатысты. Гаухардың 21.1 км қашықтықтағы жеке нәтижесі 2 сағат 2 минутты құрады.



Баскетбол - біздің компанияның сүйікті спорт түрлерінің бірі. 6 жылдан асқан West Dala командасы әрқашан баскетбол алаңында спорттық шеберлік пен құмарлықтың арқасында ерекшеленеді. ТШО-ның 30 жылдығын мерекелеу аясында турнирде әріптестер ойынның жоғары деңгейін көрсетті. Жарыс Атырау қаласында, 18–20 қараша аралығында ТШО қызметкерлері, бизнес-серіктестері және кадр агенттіктерінің қызметкерлері арасында өтті. West Dala командасының намысын Виктор Қысықов, Жәңгір Балғымбаев, Рамиль Қапашев, Шыңғыс Хаббасов қорғады. Турнир қорытындысы бойынша West Dala командасы екінші орынға ие болды.



ISKER тобының қызметкерлері арасында «ISKER» консорциумы» ЖШС ұйымдастырған дәстүрлі жарыста Артемий Доценко «35 жасқа дейінгі ерлер» санатында бірінші болып мәреге жетті.



Есен West Dala ЖШС-нің Сыртқы және ішкі байланыс бөлімімен дайындылған. Барлық сұрақтар бойынша хабарласыңыз: wdprmanager@westdala.kz



West Dala 

Westdala 

Westdalalp 

www.westdala.kz 

Байланыстар:

060001, ҚР, Атырау қ.

Тел: +7 (7122) 309 009

Факс: +7 (7122) 304 300

E-mail: westdala@westdala.kz